

М. ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университетінің Басқарма Төрағасы -
ректор, б.ғ.к., профессор Н.Х.Серғалиев

« _____ » _____

Бағдарламаны құрастырушылар: Музыка мұғалімдерін дайындау ббб
жетекшісі К.Л.Кисметов,
аға оқытушы, магистр А.Ж.Кенжеғалиева,
аға оқытушы А.Б.Жардемова,
аға оқытушы Л.Қ.Өмірзақова

«МУЗЫКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ»

тақырыбында педагогтардың біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы

Орал, 2025

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Глоссарий
3. Бағдарламаның тақырыбы
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны
6. Оқу үдерісін ұйымдастыру
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
8. Оқу нәтижелерін бағалау
9. Курстан кейнгі қолдау
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Махамбет университеті

1. Жалпы ережелер

Қазіргі білім беру жүйесі педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жан-жақты дамытуды талап етеді. Музыка пәні мұғалімдерінің орындаушылық шеберлігі – олардың кәсіби бейнесінің басты құрамдас бөлігі. Музыка мұғалімі тек білім беруші ғана емес, оқушыға көркем мәдениеттің үлгісін көрсететін орындаушы тұлға болуы тиіс. Осыған байланысты мұғалімнің аспаптық орындау, вокалдық және техникалық мүмкіндіктерін жетілдіру, хорды дирижерлеу шеберлігі, көркем шығарма интерпретациясы сияқты дағдылар айрықша маңызға ие.

Қазіргі білім беру мазмұнында өнер және шығармашылық бағытқа басымдықтың артуы музыка мұғалімдерінен жоғары кәсібилікті, әдістемелік жаңашылдықты және орындаушылық мәдениетті талап етеді. Сонымен қатар, мектептердегі оқу-өнер ортасының жаңаруы, музыкалық технологиялардың дамуы, концерттік және сахналық әрекеттердің кеңеюі педагогтардың орындаушылық шеберлігін жүйелі түрде жетілдіру қажеттілігін күшейтуде.

Музыка мұғалімдерінің орындаушылық қабілеттерін дамыту – оқушылардың музыкалық талғамын арттыруға, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға және мектептегі музыкатану тәрбиесінің сапасын жоғарылатуға ықпал етеді. Осы себепті біліктілікті арттыру курсының мазмұны мұғалімдердің кәсіби тәжірибесін жаңғыртуға, орындаушылық мүмкіндіктерін дамытуға және заманауи әдістемелерді меңгеруге бағытталған болуы аса өзекті.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы – 2007 жылғы 27 шілде №319-III – педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру тәртібін, сондай-ақ педагогтердің қызметін курстан кейін қолдауды ұйымдастыру, жүргізу тәртібін сақтау;

2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚР Заңы (2024 жылғы 23 ақпандағы № 64-VIII өзгерістерімен және толықтыруларымен);

3. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы;

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы».

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Оқу-ағарту Министрінің 30.04.2025 жылғы № 98 бұйрығы «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары»;

Бағдарлама жоғарыда аталған нормативтік-құқықтық негіздер мен қазіргі білім беру жүйесінің талаптарын ескере отырып, музыка мұғалімдерінің

орындаушылық шеберлігін, педагогикалық және әдістемелік құзыреттілігін кешенді түрде дамытуға бағытталған.

Біліктілікті арттыру курсының ұзақтығы – 72 академиялық сағат. Бағдарламаның мазмұны модульдік құрылымға негізделген.

Курсты сәтті аяқтаған тыңдаушыларға белгіленген үлгідегі біліктілікті арттыру туралы сертификат (72 сағ) беріледі.

2. Глоссарий

Кәсіби құзыреттілік - Педагогтің білім, білік, дағды, жеке қасиеттері мен кәсіби тәжірибесінің жиынтығы, ол кәсіби қызметті сапалы орындауға мүмкіндік береді.

Музыка пәні - оқушылардың көркемдік-эстетикалық талғамын, рухани-адамгершілік құндылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамытатын, музыкалық мәдениет негіздерін меңгертуге бағытталған оқу пәні.

Музыкалық шығармашылық - оқушылардың ән шығару, әуен құрастыру, импровизация жасау арқылы көркем ойлауын дамыту процесі.

Ән және күй репертуары - музыка сабағында оқушылар орындайтын ұлттық және әлемдік музыка мұраларының үлгілері

Музыкалық орындаушылық – ән айту, аспапта ойнау және дирижерлік ету арқылы музыкалық шығарманы көркем жеткізу әрекеті.

Аспапта орындау - музыка сабағында музыкалық аспаптарда ойнау арқылы орындаушылық дағдыларды дамыту.

Заманауи педагогикалық технологиялар - оқытудағы мақсат пен нәтижеге қол жеткізу үшін қолданылатын, жүйелілікке және нәтижелілікке негізделген педагогикалық әдістер мен амалдар кешені. Бұл технологиялар оқушылардың қызығушылығын арттыруды, белсенділігін дамыту мен дербестігін қалыптастыруды көздейді.

Орындаушылық дағдылар – бұл музыкалық шығармаларды көркемдік талаптарға сай, техникалық және эмоциялық жағынан дәл жеткізе білу қабілеті мен шеберлігі.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту - музыка пәні аясында бұл – оқушылардың музыкалық ойлауын, қиялын, елестетуін, өз бетінше орындау және композициялық дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыс.

Сандық тәсіл – домбыра үйрету барысында дәстүрлі ноталық жазба орнына пернелердің реттік санын қолдануға негізделген әдістемелік тәсіл. Бұл әдіс оқушылардың әуен құрылымын оңай түсінуіне, перне-күй байланысын тез меңгеруіне және орындаушылық дағдыларды ертерек қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дирижер – музыкалық шығармаларды орындаушылар тобын басқаратын жетекші. Ол музыкалық шығармалардың екпініне, динамикалық ырғағына бет құбылысы, қас-қабақ, көзқарасы мен ым, қол қимылдары, яғни қалыптасқан дирижерлік тіл арқылы жетекшілік жасайды.

Акапелла - Музыкалық шығарманы аспаптық сүйемелдеуісіз тек дауыс арқылы орындау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер – оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі.

Педагогтердің біліктілігін арттыру – оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Ұсынылып отырған «Музыка мұғалімдерінің орындаушылық шеберлігі» атты біліктілікті арттыру бағдарламасы қазіргі білім беру жүйесінің талаптарына сай жаңашыл мазмұнға ие. Бағдарламаның жаңашылдығы – музыка мұғалімдерінің орындаушылық дағдыларын тек техникалық тұрғыда ғана емес, шығармашылық интерпретация, сахналық мәдениет, педагогикалық рефлексия және заманауи музыкалық-педагогикалық технологиялар арқылы кешенді түрде дамытуында. Курс аясында аспаптық және вокалдық орындау тәжірибесі, хорды дирижерлеу, хормен жұмыс, репертуарды талдау, авторлық әдістемелер және қазіргі музыка біліміндегі инновациялық тәсілдер үйлестірілген.

Бағдарлама дәстүрлі орындаушылық курстарға қарағанда мұғалімнің орындаушылық қабілетін педагогикалық шеберлікпен бірлікте қалыптастыруды көздейді. Бұл музыка мұғалімінің кәсіби рөлін кеңейтеді және оқу үрдісінде өнерді қолданудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Сонымен қатар, практикалық бағыттылығы жоғары болып табылады.

Аналогтарды талдау нәтижесінде мектеп мұғалімдерінің орындаушылық шеберлігіне нақты бағытталған, 72 сағаттық, қолданыстағы бағдарламалардың көпшілігі музыка теориясына, жеке аспаптық дағдыларға бағытталған. Ал бұл бағдарлама теория мен практиканы біріктіретін, мұғалімнің орындаушылық мүмкіндіктерін кәсіби қажеттілік деңгейінде дамытуды көздейтін мазмұнымен ерекшеленеді.

Осылайша, бағдарлама өзінің құрылымы, мазмұны және қолданылатын әдістері жағынан жаңашыл сипатқа ие және білім беру жүйесінде қолданыстағы курстарды толықтырушы әрі олардан мазмұндық тұрғыда өзгеше болып табылады.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: Музыка мұғалімдерінің орындаушылық дағдыларын жүйелі түрде жетілдіру, музыкалық шығармаларды кәсіби деңгейде орындау қабілетін арттыру, сондай-ақ бұл шеберлікті оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдануға бағытталған педагогикалық құзыреттілігін дамыту.

Міндеттері:

- музыкалық орындаушылықтың теориялық негіздерін меңгерту;
- аспаптық, вокалдық және хормен дирижерлеу техникаларын жетілдіру;

- музыкалық шығармаларды көркем интерпретациялау дағдыларын қалыптастыру;
- сахналық мәдениетті және орындаушылық этиканы дамыту;
- заманауи музыкалық-педагогикалық технологияларды қолдануға үйрету;
- педагогикалық қызметте орындаушылық шеберлікті қолдану дағдыларын жетілдіру.

Күтілетін нәтижелері:

- музыкалық орындаушылықтың теориялық негіздерін игереді;
- түрлі жанрдағы музыкалық шығармалардың құрылымын, стильдік ерекшеліктерін талдай алады;
- аспаптық немесе вокалдық орындауды кәсіби деңгейде жүзеге асырады;
- хор дирижерлігінің негізгі принциптерін және ансамбльдік дыбысты қалыптастыру жолдарын біледі;
- хор ұжымын басқару, партияларды үйлестіру, интонация мен динамиканы бақылау дағдыларын меңгереді;
- музыкалық шығармаларды көркем интерпретациялау әдістерін қолданады;
- педагогикалық жұмыстарда орындаушылық үлгілерді тиімді пайдаланады;
- сахналық мәдениетті сақтай отырып, жеке және топтық орындауды ұйымдастырады.
- музыкалық орындаушылық пен педагогикалық үрдісті кіріктіре алады;
- заманауи музыкалық - педагогикалық технологияларды қолданады;
- оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамытуда орындаушылық шеберлікті тиімді қолданады;
- Музыкалық бағдарламалар арқылы әндерді өңдей алады;
- Шығармашылық музыкалық идеяларды цифрлық ортада жүзеге асырады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

1 - модуль Хорды дирижерлеу			
№	Тақырыптар	Сағат саны	Оқыту формалары
1	Педагог-музыканттың дирижерлық өнері	2	Дәріс
2	Музыка мұғалімінің дирижерлеуі: мазмұны және техникалық аспектілері»	2	Семинар
3	Музыкалық сауаттылық: нота сауаты, қол буынын босату жаттығулары	2	Практикалық

4	Музыка сабағында дирижерлық қимыл әрекетті қолдану үрдісі. Топпен жұмыс: мектеп әндерін дирижерлеу	2	Практикалық
5	Жеке сабақтардың әдістемесі. Жеке тұлға басына жоспар құру. А capella шығармаларымен жұмыс.	2	Практикалық
6	А capella шығармаларын дирижерлеу техникасын жетілдіру.	2	Практикалық
7	Жеке сабақтардың әдістемесі. Жеке тұлға басына жоспар құру. Сүйемелдеу шығармаларымен жұмыс.	2	Практикалық
8	Сүйемелдеу шығармаларын дирижерлеу техникасын жетілдіру.	2	Практикалық
9	А capella, сүйемелдеу шығармаларын тыңдаушылардың дирижерлеуі - қорытынды.	1	Практикалық
2 - модуль Хор класы			
1	Оқушыларға эстетикалық талғам қалыптастыруда хор өнерінің рөлі.	2	Дәріс
2	Педагог –хормейстердің хор үйірмесін ұйымдастыру жұмысы	2	Дәріс
3	Мұғалім -музыканттың хормейстерлік жұмысының құрылымы, мазмұны .	1	Семинар
4	Хор партитураларын талдау, вокалды-хор орындаушылық дағдысының қалыптасуы.	2	практикалық
5	Хор шығармаларын талдау және орындаушылық мүмкіндіктерін жетілдіру жолдары	2	практикалық
6	Хормен жұмыс жүргізуде вокалды-хор айту дағдыларын қалыптастыру.	2	практикалық
7	Шығарманың мазмұндық көркемдік құралдарын пайдалану арқылы мәнін ашуда мәнерлі-	2	практикалық
8	Хор партитураларының көркемдік ерекшеліктерін жетілдіру жұмыс түрлері.	2	практикалық
9	Мектептегі оқушылар хор ұжымының тәрбиелік мәні.	2	практикалық
10	Қорытынды-концерт.	1	практикалық
3 – модуль Арнайы музыкалық аспап - домбыра			

1	Кіріспе. Домбыра өнерінің даму тарихы	1	Дәріс
2	Қазақ күйлерінің классификациясы (төкпе, шертпе, фортепиано сүйемелдеуімен орындалатын шығармалар)	2	Тыңдалым + дәріс
3	Орындаушылық шеберлікті жетілдіру (қол жаттығулары, қағыстар, штрихтар)	6	Практикалық
4	Сандық тәсіл арқылы домбыра аспабын игеру жолдары	2	Практикалық
5	Күй талдау және репертуармен жұмыс	2	Практикалық
6	Заманауи технологияларды қолдану (видео, аудио, цифрлық платформалар, бағдарламалар)	2	Практикалық
7	Шығармашылық жұмыс: жаңа күй талдау және орындау	2	Практикалық
8	Қорытынды бақылау: орындаушылық жұмыс және рефлексия	1	Практикалық + кері байланыс
4 – модуль Балалар әндерін компьютерде өндеу			
1	Ноталық партипура құрылымының компьютерлік ерекшеліктері. MuseScore бағдарламасын компьютерге орнату	2	Дәріс + практикалық
2	MuseScore ноталық редакторы (Қолданылатын құралдар тақтасы (панель инструментов).	2	Практикалық
3	Жаңа проект ашу жолында – шығарманың атауын, авторларын, композиторын жазу (Проект ашудағы негізгі операциялары)	2	Практикалық
4	Шығарманың тональдігін (тональность) және жылдамдығын (темп) енгізу жолдары (Шығарманың өлшемі (размер) затакт ұзақтығы және такт саны, кілтгер, кілттік белгілер, шығарманың орындау мәнері (характер), палитрамен танысу, шығарманың динамикалық, альтерациялық белгілерін қою жолдары)	2	Практикалық
5	Шығарманы жазудағы нотаны енгізу жолдары. Балалар әндерін нотаға түсіру, мәтінін жазу.	2	Практикалық

6	Band-in-a-Box (автоаккомпонемент) МИДИ редакторы. Қолданылатын құралдар тақтасы (панель инструментов). Қолданылатын құралдар тақтасын жаттау.	2	Практикалық
7	Band-in-a-Box (автоаккомпонемент) жазатын шығарманың стилін таңдау жолдары. Стилль түрлерін ажырата білу және жаттау	2	Практикалық
8	Band-in-a-Box (автоаккомпонемент) аккорд құру модулімен жұмыс. Аккорд құру модулін ашып әннің гармониясын құру.	2	Практикалық
9	Band-in-a-Box (автоаккомпонемент) жазатын шығарманың гармониясын қарастыру. Band-in-a-Box (автоаккомпонемент) шығарманың әуенінің нотасын теру.	2	Практикалық
10	Band-in-a-Box (автоаккомпонемент) жазылған әнді толықтай тексеріп, қорытындылау. Қорытынды бақылау, орындаушылық жұмыс және рефлексия	1	Практикалық +кері байланыс

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Курстың оқу үдерісі орындаушылық өнердің негізгі бағыттарын қамтитын және теориялық білім мен практикалық дағдыларды тиімді ұштастыруға бағытталған тәсіл негізінде ұйымдастырылады. Курстың құрылымы домбыра орындаушылығы, балалар әндерін компьютерде өңдеу, хорды дирижерлеу және хормен жұмыс жүргізу әдістемелерін меңгеруге бағытталған теориялық және практикалық модульдерден тұрады.

Жалпы сағат саны -72 сағат.

Оқу үдерісі модульдік оқыту, заманауи педагогикалық технологиялар және цифрлық білім беру ресурстарын қолдану арқылы төмендегі форматтарда жүзеге асырылады:

- дәріс сабақтары – теориялық негіздерді таныстыру;
- практикалық сабақтар – жеке және топтық орындаушылық дағдыларын дамыту;
- семинар – топтық талқылау мен өзара әрекетке негізделген, теориялық материалды терең меңгеруге және практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған сабақ формасы;
- цифрлық құралдармен жұмыс – компьютермен жұмыс, бейнеталдау, аудиожазба, онлайн платформалар;
- топпен жұмыс ұйымдастыру, бірлескен оқу стратегияларын қолдану;
- рефлексия және өзіндік талдау, жеке орындау.

Оқу үдерісі қазіргі білім беру талаптарына сай инновациялық педагогикалық әдістермен және цифрлық ресурстармен сабақтастыра ұйымдастырылады. Сабақ барысында:

1. Презентациялық және көрнекілік материалдар

- PowerPoint, Canva, Google Slides негізінде дайындалған көрнекі материалдар (презентациялар, слайдтар, инфографикалар, суреттер, иллюстрациялар);

- YouTube, Spotify, Яндекс Музыка ресурстары арқылы кәсіби орындаушылардың күйлері, вокалдық шығармалары және хор үлгілері талданады;

- Сабақ тақырыптарына сәйкес қысқаша бейнесабактар мен музыкалық шығармалардың орындалуы;

- Музыка мұғалімінің орындаушылық өнеріне байланысты фото-бейне материалдар және музыкалық шығармаларды орындау мысалдары.

2. Цифрлық және интерактивті платформалар

- Canva.com, Sketchbook.com платформалары музыка пәніне арналған цифрлық оқу-әдістемелік материалдар, постерлер, инфографикалар, партитура фрагменттері әзірлеуде қолданылады.

- Bilimland.kz, Twig-bilim.kz – музыка пәні бойынша бейнематериалдар, тапсырмалар мен тесттер;

- Band-in-a-Box (автоаккомпонент) шығарманың гармониясын өңдеу.

3. Оқу-әдістемелік ресурстар

- Жеке және топтық практикалық сабақтарды орындауға арналған әдістемелік ұсынымдар, нұсқаулықтар және тапсырмалар жинағы.

- Музыка пәніне арналған критериалды бағалау парақтары, дескрипторлар және оқу жетістіктерін анықтауға бағытталған өлшемдік материалдар.

4. Оқу үдерісін бақылау және бағалау құралдары

1. Портфолио: Тыңдаушының жеке орындаушылық дамуын көрсетуге арналған жинақ. Құрамына: орындаған музыкалық шығармалары, репертуар талдаулары, фото-бейне материалдар, практикалық тапсырмалар мен презентациялар кіреді.

2. Практикалық бақылау: Әр сабақ немесе модуль соңында орындаушылық дағдыларды тексеру: домбырада орындау шеберлігі, балалар әндерін өңдеу, хор дирижерлігі, хор ұжымымен жұмыс дағдылары.

3. Рефлексия және кері байланыс: Білім алушы жеке орындайды, өз орындаушылық тәжірибесін талдайды, жетістіктер мен кемшіліктерін анықтайды.

5. Жасанды интеллект және цифрлық қолдау құралдары

- MuseScore ноталық редакторы арқылы нота жазу;

- ChatGPT, Perplexity және ұқсас жасанды интеллект жүйелері – ақпарат іздеу, музыкалық материалдарды құрылымдау, мәтіндік контент дайындау және шығармашылық идеялар ұсыну үшін пайдаланылады.

- Google Classroom, Moodle – оқу материалдарын жүйелеу, тапсырмаларды орналастыру, кері байланыс беру және оқу үдерісін қашықтан ұйымдастыруға арналған білім беру платформалары.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету орындаушылық шеберлік бағдарламасын жүзеге асыруға кешенді тәсілді қамтамасыз етеді, ол теориялық білім, практикалық дағды және өзін-өзі бағалау критерийлерін біріктіреді. Негізгі мақсаты – студенттердің домбыра, ән айту, дирижерлік және хормен жұмыс балалар әндерін компьютерде өңдеу бойынша кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

1. Қолданылатын құралдар:

- Презентациялар мен слайдтар (PowerPoint, Canva, Google Slides) – домбыра, вокал, дирижерлік және хормен жұмыс тақырыптары бойынша.
- Бейне және аудиожазбалар – күйлер, әндер, хорлық орындау үлгілері, кәсіби домбырашылар мен вокалистер орындауы, дирижерлік қимылдарды көрсету.
- Цифрлық қосымшалар: метроном, тюнер, TonalEnergy, Moises, MuseScore – жеке және топтық орындаушылық жұмыстарды ұйымдастыруға арналған.
- Әдістемелік нұсқаулықтар, практикалық тапсырмалар, ноталық сауаттылық бойынша тапсырмалар – домбыра, вокал, дирижерлік және хормен жұмыс бағыттары бойынша.
- Интерактивті әдістер: топтық жұмыстар, семинарлар мен шеберлік сыныптары.
- Қосымша ресурстар мен әдебиет: теориялық материалдар, ноталық кітаптар, әдістемелік басылымдар, бейне-оқыту құралдары.

2. Оқу үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету: компьютер, интербелсенді тақта, әдістемелік үлестірмелі материалдар, нұсқаулар, музыкалық аспаптар: фортепиано, домбыра т.б.

Практикалық материалдар:

- Ноталық репертуар (күй жинақтары, вокал, хор партитуралары);
- Орындаушылық шеберлікке арналған жаттығулар;
- Техникалық этюдтер, гаммалар, арпеджиолар;
- Дирижерлік қимылдар бойынша схемалар;
- Ансамбль және хорға арналған партитуралар.

3. Оқу әдебиеттері:

1. Казачков С.А. Дирижерский аппарат и его постановка. «Музыка», 2012.
2. Нұрымбетов Т. Балалар хорына арналған хрестоматия – А: 1991.
3. Кисметов К.Л., Өмірзақова Л.К., Куаншалиева Р.Ж. «Балалар әндер жинағы» БҚУ баспасы 2020.
4. Ержанов М. Домбыра үйрену әдістемесі. – Орал. – 2015.
5. Ержанов М. Домбыра үйрену мектебі. – Орал. – 2018.
6. Кенжегалиева А.Ж. Домбыраға арналған хрестоматия. – Орал. – 2022.

7. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т. Музыка. – Алматы. – Атамұра. – 2021.
8. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т. Музыка. – Алматы. – Атамұра. – 2017.
9. Петелин Р.Ю., Петелин Ю.В. Музыкальный компьютер для начинающих.
10. Попова Т. В. Музыкалық жанрлар. М., «Музыка», 2014

8. Оқу нәтижелерін бағалау

«Музыка мұғалімінің орындаушылық шеберлігі» курсы бойынша оқыту нәтижелерін бағалау пән саласының ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушылардың музыкалық-орындаушылық дағдыларын, шығармашылық ойлау қабілетін және кәсіби рефлексиясын жан-жақты бағалауға бағытталады. Бағалау жүйесі қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың өзара байланысына негізделеді.

1. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқу үдерісінде жүзеге асырылады және студенттің орындаушылық қабілетінің динамикасын қадағалауға мүмкіндік береді.

2. Жиынтық бағалау курс соңында білім алушының жалпы орындаушылық шеберлігін бағалауға бағытталған.

3. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау – білім алушының кәсіби рефлексиясын қалыптастырып, орындаушылық әрекетке сын тұрғысынан қарау қабілетін дамытады.

Бағалау нәтижелері білім алушының төмендегі құзыреттерді меңгеру деңгейін көрсетеді:

- музыкалық шығармаларды кәсіби деңгейде орындау;
- орындаушылық техниканы, вокалдық және аспаптық, дирижерлік дағдыларды меңгеру;
- музыкалық материалды мәтіндік және көркемдік тұрғыдан талдау;
- музыка сабағында орындаушылық дағдыларды үйрету әдістемесін қолдану;
- ноталық редактормен жұмыс жасай алу;
- Band-in-a-Box (автоаккомпонент) МИДИ редакторымен әнді өңдеу;
- рефлексия жүргізу және жеке орындаушылық траекториясын жоспарлау.

Практикалық орындауды бағалау әдістері.

Бұл әдістер аспаптық, вокалдық, хорды дирижерлеу шеберлігін, әндерді компьютердік өңдеу, хормен жұмыс жүргізу дағдыларын бағалауға бағытталады.

Қолданылатын әдістер:

- Критериалды практикалық тексеру – техника, ырғақ, дыбыс сапасы және т.б.;
- Демонстрациялық бағалау – шығарманы орындау;
- Шығармашылық тапсырма – аранжировка жасау, хорға дирижерлік ету, шығармалар мен күйлерді талдау, партитураны оқу, партияларды талдау;
- Хормен немесе топпен, ансамбльмен жұмыс жүргізу.

- Жазбаша талдау – шығарма құрылымы, интонация, стиль.
- Ауызша түсіндіру – нотаны талдау, шығарманың тарихы, авторлары туралы мәлімет.

Бағалау критерийлері:

1. Хор класы

- Хор өнерінің эстетикалық тәрбиедегі маңызын түсіндіру;
- Эстетикалық талғам қалыптастыру факторларын дұрыс анықтау;
- Топтық орындаушылыққа қатысу;
- Шығарма формасын, құрылымын талдау, ырғақтық, ладтық, әуендік ерекшеліктерін анықтау;
- Хормейстерлік жұмыстың құрылымын (дайындық, жұмыс кезеңдері, нәтижесі) анықтау;
- Хор партитурасының құрылымын дұрыс талдау (дауыстар, фактура, текстура);
- Негізгі вокалды-хор дағдыларын көрсетеді (тыныс, дикция, интонация);
- Хор партитурасының құрылымын дұрыс талдау (дауыстар, фактура, текстура).

2. Хорды дирижерлеу

- Дирижерлік қимылдардың нақтылығы;
- Хордың орындауына әсері;
- Музыкалық көркемдік шешімдерді жүзеге асыру;
- Дирижердің хорға беретін сигналдарының орындаушыларға түсінікті болуы;
- Шығарма формасын, құрылымын талдау;
- Ырғақтық, ладтық, әуендік ерекшеліктерін анықтау;
- Шығарманың образдық, стильдік, көркемдік образын түсіндіру;
- Шығарманың интерпретациясын орындаушыларға жеткізуі.

3. Арнайы музыкалық аспап - домбыра

- Әр стильдің орындаушылық ерекшеліктерін көрсету;
- Фортепиано сүйемелдеуімен орындалатын шығармалардың ерекшеліктерін анықтау;
- Техникалық дағдыларды орындауда біркелкілік, дәлдік және ырғақтылық сақтау;
- Сандық тәсілді меңгеру;
- Күйдің құрылымын (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) анықтау;
- Тандалған күйді музыкалық тұрғыдан сауатты талдау;
- Репертуарды толық, қатесіз және көркемдік талаптарға сай орындау;
- Техника, ырғақ, артикуляция және штрихтарды дұрыс қолдану;
- Шығарманың образдық, стильдік, көркемдік образын түсіндіру.

4. Балалар әндерін компьютерде өңдеу

- Ноталық партитураның компьютерлік форматтағы негізгі элементтерін түсіндіру;
- Бағдарламаның бастапқы баптауларын дұрыс орнату;
- Құралдар тақтасын толық меңгергенін көрсету;
- Әр функцияны қажетті орында дұрыс қолданады;
- Бағдарламамен еркін жұмыс істей алу;
- Балалар әндерінің мәтінін ноталарға сәйкес енгізу;
- Жұмыс таза, жүйелі және біркелкі түрде орындалады.

9. Курстан кейінгі қолдау

1. Әдістемелік қолдау

- Музыка пәні мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсынымдар, нұсқаулықтар, сабақ жоспарлары ұсынылады.
- Хор, домбыра, фортепиано сүйемелдеуі, хормейстерлік, цифрлық бағдарламалар бойынша ресурстық материалдар беріледі.
- Қиындық туындаған жағдайда жеке кеңес беру қарастырылады.

2. Цифрлық-платформалық қолдау

- MuseScore, Band-in-a-Box, аудио/видео жазба құралдары бойынша нұсқаулықтар мен оқу видеолары қолжетімді болады.
- Онлайн консультация, чаттар, әдістемелік топтар арқылы сұрақтарға жедел жауап беріледі.

3. Кәсіби қауымдастықпен байланыс

- Хор жетекшілері, домбыра пәні оқытушылары, вокал мұғалімдері арасында тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылады.
- Ашық сабақтар, вебинарлар, шеберлік сабақтары өткізіледі.

4. Тәжірибелік қолдау

- Курста меңгерген дағдыларды іске асыруға бағытталған тапсырмалар беріледі.
- Хор партияларын жазу, репертуар таңдау, партитура талдау бойынша практикалық кеңестер ұсынылады.
- Сабақ жүргізу, хор репетициясын ұйымдастыру, орындаушылықты дамыту кезінде туындайтын сұрақтар бойынша кері байланыс беріледі.

5. Шығармашылық қолдау

- Авторлық репертуар, аранжировка, цифрлық өңдеу бойынша кеңес беріледі.
- Ұжым деңгейіне, жас ерекшелігіне, дауыстар диапазонына сай бейімделген репертуар тізімдерін ұсынып отыру.
- Заманауи хорлық, ансамбльдік және домбыра шығармаларын цифрлық нота түрінде беру.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Кенжегалиева А.Ж. Домбыраға арналған хрестоматия. – Орал. - 2022 ж.
2. Кисметов К.Л, Өмірзақова Л.К., Қуаншалиева Р.Ж. «Балалар әндер жинағы» БҚУ, 2020.
3. Онокой Л.С. Компьютерные технологии в науке и образовании: Учебное пособие / Л.С. Онокой, В.М. Титов. - М.: ИД ФОРУМ: ИНФРА-М, 2011. - 224 с.[http:// www.znaniyum.com/bookread.php?book=241862](http://www.znaniyum.com/bookread.php?book=241862)
4. Никамин В.А. Цифровая звукозапись. Технологии и стандарты / В.А. Никамин . - СПб.: Наука и Техника, 2002.

Мультимедиялық материалдар, электрондық кітаптар:

1. <https://dombira.ru/kz/dombira-dlya-nachinayushhih/>
2. <https://infourok.ru/metodicheskoe-posobie-dombira-yrenu-distemesi-248420.html>
3. https://www.youtube.com/watch?v=n3Z_Hr07aNc
4. <https://www.youtube.com/watch?v=P0R1I3zjSDU>
5. <https://www.youtube.com/watch?v=3UW6dEDm4ac>
6. <https://www.youtube.com/watch?v=KuTKmve7rpc>
7. <https://www.youtube.com/watch?v=qErvzZiaiBE>
8. [MuseScoreFree music composition and notation software – http://musescore.org/ru](http://musescore.org/ru)
9. <http://musescore.org/ru/>
10. [MuseScore–бесплатный нотатор. – http://www.forumklassika.ru/archive/ index.php/t-44955.html](http://www.forumklassika.ru/archive/index.php/t-44955.html)

Бағдарламаны құрастырушылар: Музыка мұғалімдерін дайындау ббб жетекшісі К.Л.Кисметов,
аға оқытушы, магистр А.Ж.Кенжегалиева,
аға оқытушы А.Б.Жардемова,
аға оқытушы Л.Қ.Өмірзақова